



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Ұлттық Банкі 50 білім грантын бөледі

Астана қаласы

2023 жыл, 6 маусым

Ұлттық Банк мына бірлескен бағдарламалармен білім гранттары бойынша оқуға өтінім беруге болатынын хабарлайды:

- 1) «Назарбаев Университеті» ДББҰ Жоғары бизнес мектебінде «Қаржы бойынша ғылым магистрі» – 15 грант;
- 2) «Нархоз университеті» КЕАҚ «Қаржы талдаушысы», «Қаржылық тәуекел-менеджмент», «Макроталдау және болжау» – 20 грант;
- 3) «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ «Қаржылық тәуекел-менеджмент және деректер туралы ғылым», «Макроқаржы және деректер туралы ғылым» және «Қаржылық технологиялар» – 15 грант.

Бағдарламалардың мақсаты – Ұлттық Банк пен оның еншілес ұйымдары үшін, сондай-ақ ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі үшін білікті кадрлар даярлау.

Бағдарламалар аясында қаржы, экономика, қаржылық технологиялар, бухгалтерлік есеп, тәуекел-менеджмент, статистика, эконометрия, математика, машиналық оқыту және бағдарламалау бойынша мамандар даярланады.

Осы бағдарламалар бойынша оқу кезеңінің басталуы 2023 жылғы тамыз-қазанға жоспарланған. Оқуға түсу үшін кандидаттар Университеттердің талабы мен өлшемшартына сәйкес, конкурстық іріктеуден өтеді. «Назарбаев Университеті» ДББҰ бағдарламасы бойынша оқу кезеңінің ұзақтығы – 16 ай, «Нархоз университеті» КЕАҚ және «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ бағдарламалары бойынша – 2 академиялық жыл.

Оқу аяқталғаннан кейін Ұлттық Банкке және оның еншілес ұйымдарына, сондай-ақ ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жұмысқа орналасу көзделген.

Бағдарламалардың мазмұнымен және оқуға қабылдауға қойылатын талаптармен келесідей сайттарда танысуға болады:

- 1) «Назарбаев Университеті» ДББҰ Жоғары бизнес мектебі:
https://gsb.nu.edu.kz/kz/msc_in_finance
- 2) «Нархоз университеті» КЕАҚ:
<https://applied-finance.narхоз.kz/kz>
- 3) «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ:
<https://kbtu.edu.kz/kz/poslevuzovskoe-obrazovanie/magistratura-s-nbrk>

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press.nationalbank.kz

www.nationalbank.kz